

**Т.Г.Шевченко атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің  
«Өзін-өзі басқару» ұйымының  
2021-2022 оқу жылының жүргізілген жұмысына  
талдау**

Қазақстан Республикасының білім және Ғылым Министрлігінің  
15.02.2021 жылғы №1-18-4/566-И ҚР «Мектеп парламенти» білім  
аулышылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасын негізге  
ала отырып, 2021-2022 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары  
құрылып, бекітілді.

Қыркүйек айында 1-11 сыныптың 241/ екі жүз қырық бір/білім алушылардың  
226 \екі жүз жиырма алты/ оқушы Мектеп Парламенті президентін сайлау  
күніне қатысты.

Мектеп директорының 24.09. 2021жылғы № 202 бұйрығы негізінде «Мектеп  
парламенті» өзін-өзі басқару органдарының

<https://www.instagram.com/p/CUUytkoZEg/?igsh=MjJxNGg4NDNscDVk> мүшелері бекітілді.

Мектеп президенті болып 9 «А» сынып оқушысы Бағдат Айым сайланды.

1-11 сынып оқушылары үшін сынып жетекшілер сыныптардағы өзін-өзі  
басқару ұйымының сайлауын ұымдастырды.

Мектеп оқушыларының өзін-өзі басқару ұйымының Президентінің анты  
қабылданды. Сонымен қатар , Мектеп парламентінің топ басшыларына  
оқушылар Парламентінің Ережесімен таныстырылды.

1-11 сынып оқушыларына ҚР «Білім туралы», «Мемлекеттік Жастар саясаты  
туралы», «Заңдарын, ҚР өзге де нормативтік-құқықтық актілер мен  
мектепшілік Ережелермен таныстырылды.

Мектеп формасы , мектеп ережесі туралы стендпен оқушыларды тансытыру  
жұмысы ұйымдастырылды. Сонымен қатар, фракция мүшелері, Қамқоршылық  
кеңес мүшелері және мектеп әкімшілігінің ұйымдастырумен суық  
қару, мектепке тыйым салатын заттарды тексеру мақсатында рейд жүргізіліп  
отырды. «Құқықтық мәдениет» жобасы 8 сынып оқушыларына «Құқық және  
заң» топтық сайыс, «Құқықтық сауаттылық заман талабы», т.б құқық  
тақырыбында іс-шаралар жүргізді.

«Құқық және тәртіп» фракциясының топ жетекшісі Бақтиярова Аяжан 1-4 сынып оқушыларына «Қауіпсіз мектеп автобусы» тақырыбында 90/тоқсан/оқушыны қатыстыра отырып сурет байқауын ұйымдастырды. Қазан айының 4-күні мектеп парламентінің отырысы өткізілді.

14-қазан айында 8-11 сынып оқушыларына мектептің ішкі тәртібі, зиянды заттарды пайдаланбау, қоғамдық жұмысқа белсенділік таныту туралы жиналыс ұйымдастырылды.

Қараша айында мектеп Президенті Бағдат Айым «Мектеп /студенттік парламенті» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасы негізінде, мектеп Президенттері арасында «Үздік көшбасшы-2021» байқауының аудандық кезеңінде ІІ орынға ие болды. Сонымен қатар, «Өзін-өзі басқару» ұйымының көшбасшыларына арналған «Үздік көшбасшы-2021» облыстық сайыста Бағдат Айым ІІІ орынға ие болды.

«Мен салауатты өмір салтын қолдаймын!» жобасы аясында спорт және салауатты өмір салты фракциясының топ жетекшісі Раев Райымбек «Мектеп Лигасы» спорттық іс-шаралар ұйымдастырды. Атап айтатын болсақ, «Есірткісіз келешек», «Арман, Еңбек, Сенім!!!» атты спорттық би жарысы, 8-11 сынып аралығында қыз, ер балалар арасында волейбол жарысы, 5-7 сынып оқушылары ер балалар арасында футбол, теннис жарыстары өткізілді.

«Сүйіспеншілік-жүректен» жобасы аясында өзін-өзі тану бақыт фракциясының топ жетекшісі Аталыкова Лиана әлеуметтік педагог, психолог және өзін-өзі тану пән мұғалімдерімен бірге 5-11 сынып оқушылары үшін «Мен ерекше баламын» байқауы, «Мейірім толы жүрек» акциясы, «Әдеп – ең қымбат мирас» дөңгелек үстел ұйымдастырды.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Үздік көшбасшы» байқауы жарияланды. «Ұшқыр алаң» жобасы бойынша 7-9 сынып оқушылары арасында «Білім артық па, байлық артық па?» тақырыбында дебат ұйымдастырылды. «Әлемде мейірімділік бар ма?» тақырыбында 5-6 сынып оқушылары арасында дебат өткізілді. Қаңтар айында «Қазақстанның жастары қаншалықты патриот?»

тақырыбында 10-11 сынып оқушылары арасында дебат фракциясының топ жетекшісі Ерланқызы Гүлбина дебат ұйымдастырды.

«ЭКО START» жобасы аясында 7 сынып оқушылары «Табиғат тамашалары» тақырыбында сурет байқауына қатысты. «Қоқысты қайта өңдеу мүмкін бе?» тақырыбында 8-9 сынып оқушылары арасында танымдық сабақ өткізілді. Экология және еңбек фракциясының топ жетекшісі Жұмабекова Нұрайна 5-6 сынып оқушыларымен бірге сәуір айында «Менің ағашым» мектеп алдын көгалдандыру акциясына белсенділік көрсетіп 30 түп ағаш отырғызды.

Мәдениет және өнер фракциясының топ жетекшісі Нағашыбай Мадина қазан айында Қарабұтақ саз мектебінің домбыра класының жетекшісі Өксікбаев Кабден Әбенұлымен кездесу ұйымдастырды. Мәдениет өнер қызметкерлерімен кездесу барысында сұхбаттар өткізу және шығармашылықпен айналысатын білім алушылардың өнерлері тамашаланды.

2022 жылдың 11-16 сәуір айында «Мектеп. Достық. Бірлескен жұмыс» тақырыбында өзін-өзі басқару ұйымының апталығы өткізілді. Апталық барысында «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша 1-4 сынып «Оқылған кітап жарнамасы», 5-7 сынып оқушыларына «Көңілді үзіліс», 8-10 сыныпқа «Өзіңіз оқыңыз да, басқаға оқуға сыйлаңыз» іс-шаралары өткізілді. Оқушылар іс-шара барысында белсенділік таныта білді. «Құстар біздің досымыз» тақырыбында 1-10 сынып оқушылары түлектер аллеясына құстарға арналған ұя орнатты. 5-7 сынып оқушылары «Сөмкесіз бір күн...» бір күндік акциясына белсене қатысты. 1-6 сынып оқушылары «Менің сүйікті кейіпкерім» онлайн форматында коллаж жасады. «Кім шапшаң» құрама эстафеталық ойынға 3-4 сынып оқушылары белсене қатысты. 15-сәуір күні «Жас Ұлан» ұйымының мүшелері «Үздік сынып» сыныпаралық байқау өткізді. 8-11 сынып оқушылары үшін мектеп президенті «Барлық жағынан жетістікке жетудің сыры неде?» тақырыбында «Шевченко» айдарын ұйымдастырды. Апталықтың соңғы күні 5-11 сынып оқушылары үшін

«Kino Time» жобасы: «Балалық шағымның көктемi» дарынды балалар киностудиясын ұсынды. Маусым айында «Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығының ұйымдастырумен өткізілген «Ақтөбе жазды қуанышқа толтырайық-2021» жобасы аясында өткізілген «Мен мектебiмнiң көшбасшысымын» атты сырттай шығармашылық байқауында белсенділік танытқаны үшін Бақытқалиева Аида мадақтама қағазымен марапатталды.

Мектеп директорының  
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  Амиртаева М.С